

**«Ақтөбе қаласының білім бөлімі» ММ  
ЖШС «NURSULTAN 7777» бөбекжай-балабақшасы  
ПЕДАГОГИКАЛЫҚ КЕҢЕСТІҢ  
ХАТТАМАСЫ**

**25.05.2026 жыл**

**Тақырыбы:** «ЖШС «NURSULTAN 7777» бөбекжай-балабақшасының 2025-2026 оқу жылының қызметін өзін-өзі бағалау қорытындысы туралы»

**Кеңеске қатысқандар:** 23 педагог, мейірбике Мадешова М.Қ., шаурашылық меңгерушісі  
Оңғарбай Г.И., есепші Юсупова Г.

**Төрайымы:** Уркимбаева А.Ж. - ЖШС «NURSULTAN 7777» бөбекжай-балабақшасы меңгерушісі

**Хатшы:** Имамадинова Ж.Т. – тәрбиеші

**Күн тәртібі**

1. ЖШС «NURSULTAN 7777» бөбекжай-балабақшасының 2025-2026 оқу жылының қызметін өзін-өзі бағалау қорытындысы туралы»

**ТЫНДАЛДЫ:**

Қазақстан Республикасының Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 5 желтоқсандағы «Білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттарын бекіту туралы» №486 бұйрығы негізінде, 04.05.2025 ж. ЖШС «NURSULTAN 7777» бөбекжай-балабақшасының қызметін өзін-өзі бағалауды жүргізу туралы» №2-30 бұйрығына сәйкес бөбекжай-балабақшасында өзін-өзі бағалаудың қорытындысы бойынша меңгерушісі Уркимбаева А.Ж. атқарылған жұмыстар бойынша есеп берді.

Өзін-өзі бағалау мақсатында комиссия келесі құрамда жұмыс істеді:

- 1) Комиссия төрайымы - Уркимбаева А.Ж. бөбекжай-балабақшасының меңгерушісі;
- 2) Әбдрахманова А.Е. – әдіскері;
- 3) Галиева А.А. – тәрбиеші;
- 4) Альжанова Г.Қ. – тәрбиеші;
- 5) Сенгалиева С.С. – тәрбиеші;

**Хатшысы:** Имамадинова Ж.Ж. – тәрбиеші

Өзін-өзі бағалау кезеңі: 2025-2026 оқу жылы.

Өзін-өзі бағалау мерзімі: 2026 жылдың 04-25 мамыр айы.

Бөбекжай-балабақшасының өзін-өзі бағалау жұмыстарын ұйымдастыру және педагогтарды нормативтік-құқық актілерімен таныстыру бойынша жоспардан тыс меңгеруші жанындағы жиналыс өткізілді. Өзін-өзі бағалау жөніндегі есепті білім беру процесінің барлық қатысушыларының назарына жеткізу мақсатында қорытындысымен таныстырылды, бір ай бақылау, талдау, өзін-өзі бағалау жұмыстары жүргізілді. Өзін-өзі бағалаудың мақсаты: ҚР «Білім туралы» заңына сәйкес мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты талабына сай жүзеге асырылуын анықтау.

ЖШС «NURSULTAN 7777» бөбекжай-балабақшасы ЖШС 2023 жылдың қаңтар айында ашылды. Бөбекжай-балабақшасында 12 топ, барлық бала саны-294, барлық топтарда оқу-тәрбие мемлекеттік тілде жүргізіледі. Балабақша аптасына 5 күндік жұмыс жасайды, күніне 10,5 сағат. 2-5 жас аралығындағы балалар қабылданады. Күн тәртібі бойынша балалар 5 мезгіл тамақтандырылады. 2025-2026 оқу жылында штаттық кестесі бойынша қызметкер саны: 67,25.

ЖШС «NURSULTAN 7777» бөбекжай-балабақшасы балалардың жан-жақты дамуы үшін қолайлы жағдайлар жасалған мектепке дейінгі ұйымдарының бірі. Балалардың денсаулығын сақтау және нығайту үшін жағдай жасау және олардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында қауіпсіздік шарттар құрылды: мамандандырылған күзеті бар аумағы заманауи абаттандырылған, бейнедомофон, сыртқы және ішкі бейнебақылау (32 бейнекамера), күзет-өрт дабылы жүйесі, қауіпсіз пәндік-кеңестік даму ортасы.

2025-2026 оқу жылында ЖШС «NURSULTAN 7777» бөбекжай-балабақшасында ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалар болған жоқ (анықтама қосымшада). ҚР Білім және ғылым министрінің 2022 ж. 12 қаңтардағы №6 бұйрығына сәйкес жағдай жасалынды.

**Инновациялар:**

2024-2026 жж. «Жасыл балабақша» республикалық бағдарлама бойынша пилоттық мекеме болып тағайындалған. «Ақтөбе облысының білім басқармасы» ММ 12.03.2025 жылдың №119 бұйрығы.

2025 жыл Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрілігінің 24.11.2025 жылдың «Ерте жастан еңбекке және кәсіпке баулу» республикалық пилоттық жобасын өткізу туралы №265 бұйрығы, «Ақтөбе облысының білім басқармасы» ММ 10.12.2025 ж. №640 бұйрық.

2026 жылдан бастап инновациялық қызметке ғылыми-әдістемелік басшылықты «Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті» КеАҚ «Психология және арнайы педагогикалық кафедрасының п.ғ.д., профессор К.Ж.Туребаева жетекшілігімен жүзеге асырылады.

#### Жетістіктері:

2025-2026 оқу жылы МДҰ-ның педагогтары және тәрбиеленушілері республикалық, облыстық және қалалық байқауларға қатысып, жүлделі орындармен және сертификатпен марапатталды:

2025 ж. «ӨНЕРЛІ БАЛА» III республикалық байқауға 2 ересек, 2 мектепалды даярлық топтар, 8 педагог қатысып, 1,2 жүлделі орын; Туркестан қаласындағы өткен ONER FESTIVAL Республикалық байқау Гран При.

2025 жыл «Жасыл балабақша» пилоттық жоба аясында обыстық акциясына қатысты; облыстық тамыз кеңесте әдіскер А.Е.Әбдрахманова «Жасыл балабақша» пилоттық жоба бойынша өз тәжірибемен бөлісті.

2025-2026 жыл «Бояу купиясы» республикалық байқау –25 қатысушыларда жүлделі орындар.

2026 жылы ақпан айы - «Жасыл балабақша» пилоттық жоба бойынша қалалық семинар.

2026 жылы наурыз айы – «Ерте жастан еңбекке және кәсіпке баулу» республикалық пилоттық жоба аясында облыстық семинар өткізілді.

2025-2026 оқу жылында барлығы 23 педагог жұмыс атқарған: жоғары білімді-15 (65%), арнаулы орта 8 (35%). Оның ішінде: Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту» мамандығы бойынша-16(70%), Мектепке дейінгі жоғары білім- 10 (67%), Мектепке дейінгі арнаулы орта білім-6 (75%).

Біліктілік санаттарының көрсеткіші- 23 педагогтан санаты бар 5 педагог (22%)

Біліктілікті арттыру курстарының көрсеткіші - 23 педагогтан 23 педагог өтті (100%)

2025-2026 оқу жылы Оқу жоспарының мазмұны Қазақстан Республикасы Оқу ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты іске асырылды. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 20 желтоқсандағы № 557 бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарларына; «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 12 тамыздағы № 499 бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасына сәйкес жүзеге асырылды.

Педагогикалық жұмыстың нәтижесін арттыру мақсатында түрлі формада жылдық жоспарға сәйкес педагогикалық кеңестер, семинарлар, семинар-практикумдар, кеңес берулер, тренингтер өткізіледі. Облыстық, қалалық семинар, шебер сыныптарына қатысып, іс-тәжірибе алмасып отырады. Әдістемелік жұмыстар диагностика, оқу-тәрбие жұмысын талдау, педкадрларды кәсіби даярлау деңгейі негізінде жүзеге асады. Педагогтар өз жұмыстарына жаңашыл әдістемелерді, формаларды қолданады. Перспективалық жоспарға сәйкес әр апта бойынша балалардың әлеуметтік дағдылары мен өз бетінше оқып-үйрену дағдыларын дамытуға бағытталған жан-жақты зерделеуге арналған апталық жоспар (циклограмма) жасалған. Білім беру процесінің сапасын қамтамасыз ету мақсатында циклограммаларда Санитарлық ережелер талаптарына сәйкес, балалардың жас ерекшеліктері ескерілген.

ЖШС «NURSULTAN 7777» бөбекжай-балабақшасында №80 орта мектеппен сабақтастық кестесі құрылып, балабақша меңгерушісі мен мектеп директорының қолы қойылып, мөрленген. Балабақша педагогтары жоспарға сай мектеп кітапханасына, спорт залына, жалпы мектеппен танысуға тәрбиеленушілерді саяхатқа апару, сонымен қатар бастауыш буын педагогтарымен түрлі кездесу семинарларын өткізіп, үнемі тығыз байланыста болады. Балабақша педагогтары қалалық, аймақтық семинар практикумдарға қатысып, іс-тәжірибелерімен бөлісу жақсы жолға қойылған.

«Адал азамат» бағдарламасын іске асыру шеңберінде ұлттық салт-дәстүрлер мен жалпы адами құндылықтарға негізделген рухани-адамгершілік дағдыларды қалыптастыру бойынша, жалпы ұлттық идеясына негізделген жалпы адамзаттық құндылықтарды, патриотизм мен төзімділікке тәрбиелеу мақсатында жүргізілген іс-шаралар жүйесі бар.

Балабақшада ата-аналармен қарым- қатынас жақсы қалыптасқан. Ата-аналар жиналысының хаттамалары жазылған, тігілген, нөмірленген, бекітілген, материалдары жинақталған. Ата-аналар туралы мәліметтер жинақталған.

27.08.2025ж. «Ақтөбе қаласы білім бөлімінің» ММ №394 бұйрығымен бекітілген қосымша білім беру бағдарламалар енгізілді: хореография, логопед сабағы, ағылшын тілі, таэквон-до, шебер

болдар, тұзтерапия, робототехника. Барлығы бағдарламалар 72 сағаттан, күннің екінші жартысында өткізіледі.

Оқу жылының соңында Үлгілік бағдарламада айқындалған күтілетін нәтижелерге сәйкес Үлгілік бағдарламаның мазмұнын меңгеру деңгейінің қорытынды мониторингін жасап, барлық жас топтары мен мектепалды топтарының педагогтері Ұлттық білім беру деректер қорына (ҰББДҚ) іске асырылған Жеке картаны толтырылады.

Мониторингтің критерийлері балалардың жастарына сәйкес ұйымдастырылған іс-әрекеттер бойынша олардың физикалық дамуын, коммуникативтік, танымдық, зияткерлік, шығармашылық дағдыларын, зерттеушілік қабілеттерін дамыту, әлеуметтік-эмоционалдық біліктері мен дағдыларының қалыптасу деңгейін көрсетеді. «Қорытынды» бөлімінде диагностиканың әр кезеңінен кейін тәрбиешілер балалармен жеке түзету жұмыстарын жүргізіледі.

2025 жылғы 1 ақпаннан бастап ЖШС «NURSULTAN 7777» бөбекжай-балабақшасында 3 жастан 5 жасқа дейінгі мектепке дейінгі ұйымдарға бармайтын балалар мен ата-аналарына консультациялық көмек беруге Кеңес беру пункті ашылды. Кеңес беру пунктінің жұмыс жоспары бекітіліп, мектеп жасына дейінгі балаларға жеке, педагогикалық және психологиялық көмек көрсетіліп, ата-аналар қоғамының педагогикалық білімін арттыру мақсатында түрлі іс-шаралар ұйымдастырылды. Пунктінің жұмысына кеңесші ретінде келесі педагогтар тартылды: Уркимбаева А.Ж. меңгеруші; Әбдрахманова А.Е. – психолог; Мадешова М.Қ. – мейірбике; Курманова С.А. – музыка жетекші, Кошбаева З.А.-дене шынықтыру нұсқаушы, Данабекқызы Ақгүл – логопед және тәрбиешілер.

#### **Ұсыныстар:**

1. Педагогтердің сапалық құрамын арттыру, жоғары және арнайы мектепке дейінгі білімі бар педагогтардың санын көбейту. Педагогтардың санаттық деңгейін көтеру жұмыстары жалғастырылсын.
2. Тәрбиеленушілердің білім көрсеткішінің сапасын арттыру бағытында жұмыстар күшейтілсін.
3. Мектепке дейінгі балаларды тұтас дамыту үшін пәндік-дамытушы орталары толықтырылсын.
4. «Адал азамат» бағдарлама аясында ұлттық мәдениет пен дәстүр арқылы баланың рухани-адамгершілік құндылықтары негізінде жеке қасиеттері қалыптастыру жұмыстары жалғастырылсын.
5. Ата-аналармен өзара әрекеттесу кезінде баламен жұмыс жасау, барлық ерекшеліктерді ескерілсін: әлеуметтік жағдайы, отбасы тарихы, елдің мәдени ерекшеліктері мен дәстүрлері, баланың табиғаты мен ерекшеліктері.

#### **Қорытынды:**

2025-2026 оқу жылында бөбекжай-балабақшаның оқу-тәрбие жұмысын нормативтік құжаттарға: мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік стандартына, мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың даму моделі, үлгілік оқу бағдарламаға, үлгілік оқу жоспарына сәйкес ұйымдастырылған. ЖШС «NURSULTAN 7777» бөбекжай-балабақшасының 02.05.2025 жылғы №2-30 «МДҰ-ның қызметін өзін-өзі бағалауды жүргізу туралы» бұйрығы негізінде қызметтері ұйымдастырылып, өткізілген өзін-өзі бағалау жұмыстарының қорытындысы «жақсы» деңгейде деп есептелсін.

#### **Комиссия төрайымы:**

ЖШС «NURSULTAN 7777» бөбекжай-балабақшасының меңгерушісі:

#### **Хатшы:**



А.Ж.Уркимбаева  
Ж.Т.Имамадинова